

FOREX-ТЕ АЙЫРБАСТАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Осы Forex модулі арқылы айырбастау операцияларын беру туралы келісіммен (бұдан әрі – «Келісім») «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк») мен жеке тұлға (бұдан әрі – «Пайдаланушы») арасындағы банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (бұдан әрі – «ҚБҚЖ») арқылы айырбастау операцияларын ұсынуына байланысты қатынастар реттеледі.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалған қосылу шарты болып табылады және Пайдаланушы Келісімнің шарттарын тұтастай және сөзсіз қабылдау туралы келісімді Банктің авторландырылған аймағында растаған күннен бастап жасалған болып есептеледі және заңды күші бар, Тараптардың тиісті міндеттемелеріне себепкер болады және жазбаша нысанға теңестіріледі.

Банк Пайдаланушыға көрсетілген Келісімге Банктің ресми Сайтында және ҚБҚЖ-да қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Пайдаланушы Келісім талаптарын қабылдау туралы келісімді растай отырып, Айырбастау операцияларын ұсыну туралы келісімнің талаптарын оқығанын, түсінгенін және келіскенін растайды және оларды уақтылы және толық орындауға міндеттенеді.

Пайдаланушы ҚБҚЖ-ның тек «сол қалпында» талаптарымен, яғни Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта банк ұсынған функционал, ақпараттық толықтыру, интерфейс, дизайн кешеніне, Пайдаланушының еркі бойынша өзгеруі техникалық мүмкін емес қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесін пайдаланудың өзге де құрамдас бөліктері мен шарттарына сәйкес мүмкін екенін түсінеді және келіседі.

1-БАП. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

- 1) **Белсенді өтінім** - толық орындалмаған немесе жойылмаған Пайдаланушының Өтінімі;
- 2) **Валюталық жұп** - Бір валюта бағасының осы жұпқа кіретін басқа валютаның бағасына қатынасы. Валюта жұбының белгіленуінде бірінші болып базалық валюта, екіншісі - баға белгілеу валютасы көрсетіледі;
- 3) **Базалық валюта** - бұл валюта жұбындағы валюта, оның бір бірлігінің бағасы әрқашан баға белгілеу валютасының бірлігінде көрсетіледі;
- 4) **Баға белгілеу валютасы** - бұл валюта жұбындағы валюта, оның бірлігінде базалық валютаның бір бірлігінің бағасы көрсетіледі;
- 5) **Өтінім** - пайдаланушының қажетті соманы және бағаны (бағамды) көрсете отырып, операция жасау қажеттілігі туралы өтініші;
- 6) **Пайдаланушы** – жеке тұлға, «Forex» сервисін пайдалану сәтінде 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының резиденті/бейрезиденті, Банктің әрекеттегі авторландырылған клиенті, «Forex» қаржылық қызметтерінің алушысы;
- 7) **FIFO қағидаты (ағылш. first in, first out)** - операциялар ҚБҚЖ-ға Өтінімдер берілетін кезектілікте сай жүзеге асырылатын қағидат;
- 8) **Банктің сайты** – Банктің Интернет желісіндегі www.bankffin.kz мекенжайы бойынша орналасқан ресми сайты;
- 9) **Сессия** - әрбір валюта жұбы үшін пайдаланушылардың өтінім беру мүмкіндігі бар уақыт аралығы, ал банк өтінімдерді қабылдау, өңдеу және өтінімдерді орындау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асырады;
- 10) **Өтінімнің қолданылу мерзімі** - Пайдаланушының берілген Өтінімдері белсенді болып табылатын уақыт кезеңі;
- 11) **Тариф** – Банкпен көрсетілетін қызметтерге Банктің уәкілетті органымен бекітілген тарифтер. Тарифтер туралы ақпарат Банктің Сайтында орналастырылады;

12) **Forex** – осы Келісім аясында Пайдаланушы мен Банктің арасындағы қатынастары әрекетінің кезеңі ішінде валюталық айырбастау операцияларын өткізу жүйесін жасауға және пайдалануға арналған бағдарламалық және құжаттамалық құралдардың жиынтығы.

2-БАП. КЕЛІСІМ МӘНІ

1. Банк Келісім шеңберінде және шарттарында пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкте қабылданған қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен ҚБҚЖ арқылы Forex-те айырбастау операцияларын беруге міндеттенеді. Пайдаланушы осы қызметтерді Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде және Банктің сайтында жалпыға қолжетімді орындарда көпшілік көру үшін орналастырылған Тарифтерге сәйкес төлеуге міндеттенеді.
2. Forex Пайдаланушыға шетел валютасымен айырбастау операцияларын жасау үшін ұсынылған бағамы бар Банкке өтінімді жіберуге мүмкіндік беретін ҚБҚЖ сервисі болып табылады, егер банкте Пайдаланушы жіберген өтінімді қабылдау мүмкіндігі болса. Forex жұмысының тәртібі мен регламентін банк айқындайды.
3. Forex-ті пайдалану тек ҚБҚЖ-да тіркелген және Банкте банктік шоттары бар Пайдаланушыға қол жетімді.
4. Егер Пайдаланушы үшінші тұлғалардың Forex-ті рұқсатсыз пайдаланғаны туралы білсе, Пайдаланушы шабуылдаушылардың Forex-ті пайдалануына тосқауыл қою және болдырмау мақсатында Банкке шұғыл түрде жүгінуі қажет.
5. Пайдаланушы өзінің сәйкестендіру деректерін (мысалы: логин, ДСН-код, телефон нөмірі, бір реттік (біржолғы код) смс) құпия сақтауға және үшінші тұлғаларға жария етуге жол бермеуге міндетті. Олар үшінші тұлғаларға жария етілген жағдайда, оның ішінде Пайдаланушы олардың құпия сақталуы үшін жеткілікті шаралар қабылдамауына байланысты, Пайдаланушы осыған байланысты барлық салдарлар мен тәуекелдерді дербес көтереді.
6. Банк Пайдаланушының аутентификациясы мен сәйкестендірудің оң нәтижелерінен кейін Пайдаланушының жеке бастамасы бойынша орындалған үшінші тұлғалардың өз шоттарын рұқсатсыз пайдаланғаны туралы Пайдаланушы тарапынан хабарлаған сәтке дейін Пайдаланушы жасаған барлық операцияларды санау құқығын өзіне қалдырады.
7. Пайдаланушы келіседі және түсінеді:
 - 1) Банк пайдаланушыға Forex-те операцияларды жүзеге асыру кезінде кеңес беру қызметтерін көрсетпейді, Пайдаланушының Forex-тегі барлық әрекеттері оның Дербес шешімдерінің салдары болып табылады;
 - 2) Банк Forex-те Пайдаланушы жасаған операциялардың қаржылық нәтижесі үшін жауап бермейді;
 - 3) Банк Пайдаланушы Forex-ке берген өтінімдердің орындалатынына кепілдік бере алмайды;
 - 4) Банк Forex-те клиенттік операциялардың тұрақты мониторингін жүзеге асырмайды, осыған байланысты Пайдаланушы өзі жасаған операциялардың нәтижелерін өз бетінше қадағалап отыруы қажет.
8. Пайдаланушы Forex-ке тиісті Валюта жұбы үшін белсенді сессия шеңберінде, Пайдаланушы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәсілмен Forex операциялары бойынша ақшаны есептен шығаруды және есепке алуды жүзеге асыру үшін шоттарды таңдау жөніндегі шарттарды қабылдау туралы келісімді растағаннан кейін Өтінімдерді бере алады.

9. Өтінімде Пайдаланушы келесі деректерді көрсетуі тиіс: 1) Валюта жұбын таңдау; 2) тарапты таңдау – сатып алу немесе сату; 3) Базалық валютадағы сома; 4) бағам.
10. Өтінім сомасы осындай мәндерге қол жеткізген кезде Forex-те көрсетілетін Банк белгілеген ең төменгі және ең жоғары мәндерден аспауға тиіс және өтінім берген кезде оның мөлшері Forex-те нұсқау түрінде ұсынылатын мәнге еселік болуға тиіс.
11. Банк Forex-те бағаның ауытқу лимиттерін белгілейді, олар: 1) Ескерту; 2) еңсерілмейтін болып бөлінеді. Баға ауытқуының ескерту лимиттерін Банк өтінім беру кезінде Пайдаланушының техникалық қателіктерін болдырмау үшін белгілейді. Егер Өтінім параметрлері бағаны ауытқудың қандай да бір ескерту лимитін бұзумен ұштасқан жағдайда, Банк Пайдаланушы өтінімді түзету үшін пайдалануы мүмкін тиісті ескерту хабарын береді. Бағалардың ауытқуының еңсерілмейтін лимиттерін Банк техникалық қателіктерді болдырмау үшін және нарықтық емес шарттар бойынша Forex-те операциялар жасауға жол бермеу мақсатында белгілейді. Егер өтінімде көрсетілген бағам бағаны ауытқудың еңсерілмейтін лимитіне жеткен жағдайда, Банк осы өтінімді қабылдамайды (осы Өтінімді қабылдаудан бас тартады) және Пайдаланушы Өтінімді түзету үшін пайдалануы мүмкін тиісті ескерту хабарын береді.
12. Өтінімде көрсетілген шарттар Өтінім орындалған жағдайда пайдаланушы тарапынан орындауға міндетті болып табылады.
13. Өтінім Пайдаланушының банктік шотында (Пайдаланушының арнайы ағымдағы және жинақ шоттарын қоспағанда) Өтінім бойынша Пайдаланушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде Банктің комиссияларына жеткілікті ақша сомасы бар болған және үшінші талаптардың талаптары қойылмаған кезде жіберілуі мүмкін. Банк Өтінімді қабылдаған сәтте Пайдаланушының банктік шотынан ақшаны есептен шығарды.
14. Егер Өтінім орындалмаса не ішінара орындалса, тиісті ақша сомасы есептен шығарылған Пайдаланушының банктік шотына қайтарылады. Өтінім орындалған/ішінара орындалған жағдайда айырбастау операциясы нәтижесінде тиісті ақша сомасы Пайдаланушының банктік шотына есептеледі.
15. Пайдаланушы Өтінімде көрсетілген деректердің дұрыстығына жауап береді. Егер Пайдаланушының Өтінімде қате (дұрыс емес) деректерді көрсетуі Пайдаланушының қаржылық шығындарына әкеп соқтырған жағдайда, Банк Пайдаланушы алдында материалдық жауаптылықта болмайды.
16. Банк FIFO қағидаты бойынша өтінімдерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады.
17. Банк осы Келісімнің 28-тармағына сәйкес Пайдаланушымен операцияларды жасауды тоқтата тұру және/немесе бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
18. Банк мынадай операцияларды қоса алғанда, бірақ көрсетілгендермен шектелмей, күмәнді клиенттік белсенділіктің мониторингін жүзеге асырады: 1) сұраныстың/ұсыныстың және өзгерістің өсуіне еліктеу туралы күдік бар дәйекті өсіп/төмендеп жатқан бағамен операциялар жасау; 2) бір бенефициардың мүддесі үшін оларға қатысты шетел валютасын сатып алу/сату операцияларын бір мезгілде жасау Банктің адал пайдаланушыларына жалған сигналдар жасау туралы күдік бар; 3) Forex-те жасалған операциялардың бағасы мен көлемін айла-шарғы жасау мақсатында сөз байласу туралы күдік бар тұлғалар арасында шетел валютасын сатып алу/сату бойынша операциялар жасау; 4) операциялар жасау ниетінсіз өтінімдерді жиі беру; 5) бағаны айла-шарғы жасау әрекеті туралы күдік бар ірі сомаға операция жасау шетел валютасы. Клиенттің күмәнді белсенділігі анықталған жағдайда, Банк пайдаланушының Forex-ке өтінімдер беруге және операциялар жасауға қол жеткізуін тоқтата тұруға/тоқтатуға және пайдаланушының белсенді өтінімдерін олар болған жағдайда қол жеткізуді тоқтата тұру/тоқтату туралы хабарлама жібере отырып, олардың күшін жоюға құқылы.

3-БАП. КОМИССИЯЛАР

19. Пайдаланушы Банк Тарифтеріне сәйкес жасалған операциялар үшін комиссияларды төлеуге міндеттенеді.
20. Банк орындалмаған өтінімдер немесе ішінара орындалған өтінімнің орындалмаған бөлігі үшін комиссия алмайды.

4-БАП. БАС ТАРТУЛАР МЕН ҚАТЕЛЕР

21. Пайдаланушы жіберілген Өтінімді тек ол толық орындалмаған жағдайда ғана күшін жоюға құқылы.
22. Егер өтінім ішінара орындалған жағдайда, Пайдаланушы өтінімнің орындалмаған бөлігінің күшін жоюға құқылы. Егер Пайдаланушы Forex Банкінен өтінімнің күшін жою туралы/ішінара күшін жою туралы растау алса, өтінім жойылды, ішінара жойылды деп есептелуі мүмкін.
23. Пайдаланушының Forex-те орындалған Өтінімдерді жоюы мүмкін емес.
24. Егер Пайдаланушы өтінім берген болса, бірақ Forex-те өтінімнің қабылданғаны туралы банктен растама алмаса және (немесе) Forex-те өтінімді көрмесе, Пайдаланушыға 595 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы тез арада Банкке хабарласуы қажет. Егер Пайдаланушы Банкпен байланыспаған жағдайда, Банк Пайдаланушының расталмаған өтінімін орындамау құқығын өзіне қалдырады.
25. Өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе сессия аяқталғаннан кейін барлық орындалмаған Өтінімдер жарамсыз болып табылады және олар бойынша Банктің міндеттемелері тоқтатылады.
26. Егер Пайдаланушы жасаған операцияларды зерделеу барысында жүйенің қандай да бір ақауларының/ қателіктерінің/ зақымдануларының, зиянды бағдарламалық жасақтаманы пайдаланудың, күмәнді клиенттік белсенділіктің, қандай да бір алаяқтық әрекеттердің, Банктің қателіктер жіберуінің және нәтижесінде Пайдаланушының шотына ақшаның аударылуына әкеп соққан өзге де әрекеттердің болуы нәтижесінде операциялар жасалды деген күдік болған жағдайда, Банк өтінімдерді, оның ішінде орындалған өтінімдерді жою және Пайдаланушының ағымдағы шотынан (-тарынан), сондай-ақ Пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен Банкте ашылған кез келген өзге банктік шоттарынан ақша алу құқығын өзіне қалдырады.
27. Банк осы Келісім бойынша пайда болған Пайдаланушының кез келген берешегінің мөлшеріндегі ақшаны Пайдаланушының Банкте ашылған кез келген банктік шотынан тікелей дебеттеу арқылы алуға құқылы және оған Пайдаланушы Банкпен осы Келісімді жасасу арқылы өз келісімін береді. Келісімнің осы тармағында көрсетілгендер Пайдаланушының Банкпен осындай шотты тікелей дебеттеу арқылы шоттан ақшаны алуына келісімі болып табылады. Бұл ретте Пайдаланушы Банктің осындай шоттан тікелей дебеттеу арқылы тиісті ақшаны алуы үшін жеткілікті негіз – құжат ретінде осы Келісімнің болып табылатынына өз келісімін береді.

5-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

28. Банктің құқықтары:

- 28.1. Пайдаланушының атына тиісті хабарлама жіберу не Банктің Сайтында ақпаратты орналастыру шартымен Келісімнің кез келген талаптарын біржақты тәртіппен өзгерту;
- 28.2. осы Келісім шеңберінде Банк ұсынатын қызметтер тізбесін біржақты тәртіппен толықтыру/кеңейту;
- 28.3. Пайдаланушыдан осы Келісім бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап ету;
- 28.4. Тараптардың/үшінші тұлғалардың туындау себептері мен кінәсіне қарамастан, ішкі және сыртқы (бөгде) жүйелерде/ресурстарда/дерекқорларда кез келген техникалық іркілістер/тоқтап қалулар/апаттар туындаған кезде Пайдаланушылардың Forex сервисінің

қызметтерін сатып алу үшін ҚДБҚ арқылы өтініш берудің техникалық мүмкіндігін біржақты тәртіппен (Пайдаланушының келісімінсіз) уақытша тоқтата тұру;

28.5. Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру және/немесе Келісімді, оның ішінде Келісімде айқындалған міндеттемелер, талаптар, шарттар бұзылған немесе оларды бұзу туындау қаупі төнген жағдайда өз қалауы бойынша біржақты тәртіпте бұзу;

28.6. кез келген уақытта және Пайдаланушыға сылтауларын/себептерін біржақты (соттан тыс) тәртіпте хабарламай, Келісімнің 37-тармағына сәйкес Пайдаланушыға бұл туралы хабарлай отырып, Келісімді орындаудан бас тарту (осы Келісім шеңберіндегі барлық операцияларды тоқтата тұру);

28.7. Банк Пайдаланушының нұсқауларын орындаудан келесі жағдайларда бас тартуға құқылы:

- Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін нұсқауларды ұсынған жағдайда;

- рұқсат етілмеген төлем анықталған кезде, сондай-ақ ақшаны заңсыз алудың негізделген фактілері анықталған және расталған жағдайларда;

- Пайдаланушы Пайдаланушының валюталық заңнаманы, АЖ/ТҚҚ¹ саласындағы заңнаманы, халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған өзге де құжаттарды сақтауын тексеру үшін Банкке қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда;

- АЖ/ТҚҚ саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және/немесе Пайдаланушыны қылмыстық қудалауға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін қандай да бір өзге қызметті жүзеге асырса;

- Пайдаланушыға қатысты кез келген елдің немесе халықаралық/ ұлттық ұйымның (OFAC, FATF және БҰҰ қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған санкциялар болған жағдайда;

- Банкте Пайдаланушының операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына жататыны не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталғандығы жайлы пайымдауға негіздер болған жағдайда;

- Банктің пікірінше Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін деп танылған, осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де негіздер бойынша;

28.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен қарастырылған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;

28.10. Банкте бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық іркілістері болған жағдайда, сондай-ақ осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге де негіздер бойынша Пайдаланушыға қызметтер көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтата тұру (келісімді орындаудан бас тарту).

29. Банктің міндеттері:

29.1. Келісіммен қарастырылған ескертулерді ескере отырып, «Forex» қызметтерін көрсету үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету;

29.2. осы Келісімде көрсетілген Пайдаланушы алдындағы өз міндеттемелерінің толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету;

29.3. Банк сот немесе уәкілетті мемлекеттік органдардан тиісті хабарламалар келіп түскен жағдайда Пайдаланушының Өтінімін орындауды тоқтата тұру/орындамау;

29.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа міндеттемелерді орындау.

30. Пайдаланушының құқықтары:

30.1. Банктен осы Келісім бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын талап ету;

¹ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

30.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Келісіммен қарастырылған басқа әрекетерді жасау.

31. Пайдаланушының міндеттері:

31.1. Банктен осы Келісім бойынша көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қабылдау.

6-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

32. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті көтереді.

33. Егер Тараптардың міндеттемелерді тиісінше орындамауы/орындамауы еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындаса, Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

34. Осы Келісіммен реттелетін Банк пен Пайдаланушы арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Банктің Пайдаланушы алдындағы жауапкершілігі Банктің Пайдаланушының өтінімдерін уақтылы орындауға байланысты өз міндеттемелерін орындауымен, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарына сәйкес "Fogex" қызметін көрсету кезінде Пайдаланушының ақша қозғалысын ұйымдастырумен шектеледі.

7-БАП. КЕЛІСІМНІҢ ӘРЕКЕТІ

35. Осы Келісім Пайдаланушының Келісімге қосылған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз немесе ол Тараптармен бұзылғанға дейін әрекет етеді.

36. Осы Келісім ол бойынша орындалмаған міндеттемелердің жоқ болу шартымен, болжалды бұзу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Пайдаланушының бастамасымен бір жақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

37. Осы Келісім Пайдаланушыға Келісімді бұзу туралы тиісті хабарламаны (Келісімді орындаудан бас тартуды) жіберу арқылы Банктің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін. Бұл ретте хабарлама, егер ол Пайдаланушының хабарламаны алғанын тіркелуін қамтамасыз ететін кез келген байланыс құралдарын (электрондық пошта мекенжайы бойынша; тұрғылықты мекенжайы бойынша; SMS және WhatsApp-хабарламаны Пайдаланушының нөміріне жіберу арқылы; Push-хабарлама; Пайдаланушының жеке кабинетіндегі/ҚБҚЖ-дағы ақпарат) пайдалана отырып жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі. Бұл ретте мұндай хабарламаны жіберу күні Тараптармен («күнбе-күн» қағидаты бойынша) Келісімді бұзу күні ретінде автоматты түрде қабылданады.

38. Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі не оны қабылдаудан бас тартылғандығы туралы белгісімен, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанының расталмауына байланысты хабарлама қайтарылған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

39. Осы Келісім бұзылған (орындаудан біржақты бас тартылған) жағдайда Банк бұзу сәтінен бастап Келісім шеңберінде ұсынылған өзінің жүйелері мен сервистерін Пайдаланушының барлық жүйелері мен сервистерінен ажыратуды қамтамасыз етеді.

40. Осы Келісімнің әрекетін тоқтату Тараптардың ешқайсысын тоқтату сәтіндегі кез келген жауапкершіліктен босатпайды және осы Келісімде тікелей көзделген жағдайларда, осы Келісімнің әрекет етуі тоқтатылғаннан кейін күшінде қалатын Тараптардың кез келген өзге құқығының немесе міндетінің жарамдылығына қандай да бір түрде әсер етпейді.

8-БАП. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

41. Тараптардың ешқайсысы, егер орындамау немесе тиісінше орындамау осы Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуына кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор), оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: өрт, су басу, жер сілкінісі, диверсия, әскери әрекеттер, блокада, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі, сондай-ақ Тараптар алдын ала болжай немесе алдын ала алмаған және осы Келісім

жасалғаннан кейін пайда болған және Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен басқа да төтенше жағдайлардың салдарынан туындағанын дәлелдесе, осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

42. Еңсерілмейтін күш оқиғаларының басталуы туралы ақпарат алған кезде зардап шеккен Тарап екінші Тарапты осындай оқиғалардың басталуы туралы дереу хабардар етуге, екінші Тарапқа осындай оқиғалар туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге, сондай-ақ еңсерілмейтін күш оқиғаларының жалғасатын мерзіміне негізделген бағасын беруге міндеттенеді.

43. Осындай жағдайларға сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа уәкілетті органның/ұйымның олардың басталғаны туралы жазбаша растамасын беруге тиіс.

9-БАП. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

44. Тараптар бағдарламалық қамтамасыз ету туралы ақпаратты, Пайдаланушының дербес деректерін, мәмілелердің саны мен сомасы туралы ақпаратты, Тараптарға қатысты іскерлік ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес құпияға жататын өзге де ақпаратты қоса алғанда, осы Келісім талаптарының және Тараптардың бірі құпия ақпарат ретінде немесе сипаты бойынша құпия деп саналуы тиіс ақпарат ретінде ашқан барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

45. Банк оның лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және өкілдерінің барлық осындай құжаттама мен ақпаратты құпия ретінде сақтауын және олардың осындай құжаттама мен ақпаратты құпия деп бағалауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл ретте Пайдаланушы Банктің акционерлеріне/қатысушыларына, үлестес компанияларына, серіктестеріне алаяқтықты, аудитті болғызбау, борышты өндіріп алу, уәкілетті мемлекеттік органмен салынған сұрауды қанағаттандыру, процессингтік (компьютерлік) орталықтардың қызметтерін көрсету және т. б. мақсаттар үшін Банктің қалауы бойынша осы Келісімге байланысты Пайдаланушы туралы ақпаратты беруге келісімін береді.

10-БАП. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

46. Осы арқылы Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың қолданылатын нормаларын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар) сақтайтынына және оларды сақтауға міндеттенетініне сендіреді және кепілдік береді.

47. Тараптар осы Шарт/Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға қайшы келетін қандай да бір іс-әрекеттер жасамайды (әрекетсіздіктен бас тартады) және олардың еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауын қамтамасыз ету мақсатында қажетті және заңнамада жол берілетін барлық күш-жігерді жұмсайды, оның ішінде тікелей немесе жанама, өз бетімен немесе үшінші тұлғалар арқылы кез келген түрде (оның ішінде ақша (қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз түрде кез келген валютада), басқа құндылықтар, мүліктер, мүліктік құқықтар немесе басқа материалдық және/немесе материалдық емес пайда түрінде) параларды кез келген коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатында немесе басқа заңсыз мақсатта қандай болса да тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін олардан немесе олардың пайдасына ұсынудан, беретініне уәде беруден, беруден, қорқытып алудан, сұраудан, алуға келісімді беруден және алудан тартынады.

48. Тараптардың біреуінде екінші Тараптың осы Шарттың қандай болса да ережелерін бұзуы орын алғаны немесе орын алуы мүмкін екеніне қатысты қисынды дәлелденген

күдіктер пайда болған жағдайда, сол Тарап екінші Тарапқа бұзушылық фактісін теріске шығаратын немесе растайтын түсініктемелерді және ақпаратты (құжаттарды) ұсыну талабымен сұрауды салуға құқылы.

11-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

49. Келісімге және (немесе) Банктің Тарифтеріне және (немесе) ішкі құжаттарына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер Банкпен біржақты тәртіпте енгізілуі мүмкін және Пайдаланушының хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, тиісті хабарлама жіберу немесе осы ақпаратты Банктің сайтында көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын орналастыру арқылы пайдаланушының назарына жеткізіледі. Пайдаланушы осы Келісімге және (немесе) Банктің Тарифтеріне және (немесе) ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен келіспейтіндігін осындай хабарлама жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде білдіруге құқылы. Егер Банк Пайдаланушыдан Келісімге және (немесе) Банктің Тарифтеріне және (немесе) ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен жазбаша жасалған келіспеушілікті алмаған жағдайда, Пайдаланушы Келісімнің өзгертілген және/немесе толықтырылған шарттарда қолданылуын жалғастыратынымен келіседі, ал Пайдаланушы Келісімге және (немесе) Банктің Тарифтеріне және (немесе) ішкі құжаттарына енгізілген өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіседі. Егер осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін Пайдаланушы Банктің мекенжайына Келісімге енгізілген өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен жазбаша жасалған келіспеушілігін жіберген жағдайда, Келісім бұзылуға жатады.

50. Банк осы Келісім бойынша өзінің құқықтарын, міндеттемелерін, құқықтарын (талап етуге қатысты) Пайдаланушының жазбаша келісімісіз үшінші тұлғаларға тапсыруға (мәміле бойынша беруге) құқылы.

51. Келісімде көзделмеген Барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.